ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылдын 2 тамыз Іс № 5501-24-00-2/2143 Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья Е.Т. Магзумов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарап,

ТАЛАПКЕР:
Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Естай атындағы Мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Бек» жеке кәсіпкердің атынан Меңдияр Мықтыбекұлы Бек

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану;
2. Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы;

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Тараптардың қатысуынсыз

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ШЕШТІ:

Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Естай атындағы Мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны «Бек» жеке кәсіпкердің атынан Меңдияр Мықтыбекұлы Бек мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы - қанағаттандырылсын.

«Бек» жеке кәсіпкердің атынан Меңдияр Мықтыбекұлы Бек жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Естай атындағы Мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорның пайдасына «Бек» жеке кәсіпкердің атынан Меңдияр Мықтыбекұлы Бектен 91 378 (тоқсан бір мың үш жүз жетпіс сегіз) теңге көлемінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Естай атындағы Мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорның пайдасына «Бек» жеке кәсіпкердің атынан Меңдияр Мықтыбекұлы Бектен 5 538 (бес мың бес жүз отыз сегіз) теңге көлеміндегі мемлекеттік баж төлеу бойынша шығыстар өндірілсін.

«Бек» жеке кәсіпкердің атынан Меңдияр Мықтыбекұлы Бектен мемлекеттің пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге көлеміндегі мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге түпкілікті формада шығарылған күнінен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмелерін жіберген күннен бастап бір ай ішінде Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық наразылық білдіре алады.

Судья **Е. Магзумов**

Құжатқа қол қойылған: Магзумов Е. Т., 02.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 13.09.2024, судья Магзумов Е. Т., 16.09.2024